



## Түркі фразеологизмдеріндегі антропонимдер мен топонимдер<sup>1</sup>

\*К.С. Калыбаева<sup>a</sup>, А.О. Тымболова<sup>b</sup>, Ж.А. Оспан<sup>c</sup>

<sup>a</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы (E-mail: [kalybaevakalamkas@gmail.com](mailto:kalybaevakalamkas@gmail.com)). \*Байланыс үшін автор: [kalybaevakalamkas@gmail.com](mailto:kalybaevakalamkas@gmail.com)

<sup>b</sup>ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы (E-mail: [tymbolova@mail.ru](mailto:tymbolova@mail.ru))

<sup>c</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы (E-mail: [jyzimgy@mail.ru](mailto:jyzimgy@mail.ru))

### ARTICLE INFO

*Кілт сөздер:*  
ономастика,  
фразеологизмдер,  
мақал-мәтелдер,  
антропонимдер,  
топонимдер; қазақ,  
татар, башқұрт,  
ноғай тілдері,  
семантикалық  
талдау.

XFTAP 16.41.99

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-35-50>

### АННОТАЦИЯ

Мақалада түркі фразеологизмдері құрамында сақталып қалған түрлі ономастикалық атаулардың, яғни, жалқы есімдердің қыр-сыры сөз болады. Ономастикалық атаулардың тұрақты сөз тіркестерінде, оның ішінде түрлі тақырыптардағы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің, қанатты сөздердің құрамында тұрақталып қалуы кездейсоқ емес. Олар әрбір халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен танымын, бастан кешкен тарихын танытатын ерекше тілдік бірліктердің тобын құрайды. Демек, түркі фразеологизмдерінің құрамында кездесетін әрбір ономастикалық атау сөзсіз түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті жайлы мол ақпарат көзін сақтап қалып отыр. Бүгінде біз ол атаулардың тарихын туыстас түркі халықтары тілімен салыстыра қарастырғанда ғана айқындаймыз. Мұндай салыстырмалы зерттеулер түркітану ғылымы үшін аса маңызды. Тақырыптың өзектілігі түркі тілдерінің лексика қабатын өз ішінен салыстыра зерттеу мәселесі басқа салаларға қарағанда кенжелеу қалып келе жатқанымен де байланысты болып отыр. Туыстас түркі тілдері фразеологизмдеріндегі жалқы есімдердің қолданыс уәжділігін түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті аясында қарастыру да мақаламыздың басты бір мақсаты болып саналады. Осыған орай бұл мақаламызда біз қазақ халқымен жақын туыстас ноғай, татар, башқұрт, түрік халықтарының тіліндегі түрлі оралымдар құрамында қалған ономастикалық атаулардың қатарын құрайтын антропонимдерді, топонимдер мен кейбір этнонимдік атауларды салыстырмалы зерттеу әдісімен тарихи тұрғыдан талдаймыз.

Received 19 August 2022. Revised 27 August 2022. Accepted 10 November 2022. Available online 30 December 2022.

#### For citation:

K.S. Kalybaeva, A.O. Tymbolova, J.A. Ospan Anthroponyms and toponyms in Turkic phraseology // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – №4. – P. 35-50. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-35-50>

#### Дәйексөз үшін:

K.C. Калыбаева, А.О. Тымболова, Ж.А. Оспан Түркі фразеологизмдеріндегі антропонимдер мен топонимдер // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №4. – 35-50 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-35-50>



<sup>1</sup> Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).

## Кіріспе

Ономастикалық атаулар – сол аймақты мекен еткен халықтың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен географиялық орта туралы таным-білімін көрсететін тілдік, тарихи-мәдени мұрасы. Көшпелі өмір салтын кешіп, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы географиялық ортаны, жер бедерін, өсімдіктер дүниесін жақсы білгендіктен, оны өз тілінде дәл бейнелегенде болған тарихи оқиғалар, елеулі өзгерістер де топонимдерден көрініс таппай қалмаған. Ономастикалық атауларда тұнып тұрған сыр бар екені, олардың астарында әлі айтылмаған ақиқаты мол ақпараттар қоры жатқаны анық. Сондықтан топонимдер жүйесін тілдік-тарихи дерек көзі ретінде жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Бүгінгі таңда мұндай салыстырмалы зерттеулер жасау түркі халықтарының өткен ортақ тарихын терең бағамдауда таптырмас мол ақпарат көзі болып отыр.

## Мәселенің зерттелу тарихы

Ономастикалық фразеология тіл білімінде қазірге кең зерттеле қоймаған жас саланың бірі болып отыр. Дегенмен, біршама шетелдік ғалымдар, орыс ғалымдары бұл мәселеге салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер тұрғысынан біршама назар аударып келген. Айталық, неміс және украин тілдерінің ономастикалық фразеологизмдерін Е.Ф. Кудина (Кудина, 1982) салыстыра зерттесе, ағылшын және орыс тіліндегі осы мәселені В.А. Мендельсон (Мендельсон, 2009), француз және орыс тілдеріндегі ономастикалық фразеологизмдерді Н.В. Абрамова, неміс тілін орыс, ағылшын, француз тілдерімен салыстырып В.В. Ловянникова (Ловянникова, 2008) секілді ғалымдар жан-жақты зерттеп жүр. Ал түркітану саласында бұл мәселе түркі тілдерін туыс емес тілдердің фразеологизмдерімен салғастыра қарастырған зерттеулерде жақсы сөз болғандығын байқаймыз. Мысалы, Э.М. Сайтова башқұрт тілін орыс және неміс тілдерімен салыстырып зерттесе (2007), Г.Р. Ганиева ағылшын, орыс және татар тіліндегі жалқы есімдердің фразеологизмдер құрамында қолданылу сырын зерттейді (2012). Сол секілді Г.Ф. Саттарова, З.М. Раемгужина башқұрт фразеологизмдеріндегі жалқы есімдердің сырын әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан салыстыра зерттеген. Ал қазақ тіл білімінде Ф.М. Әшімханова «Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі» деген тақырыпта зерттеу жүргізген (2007). Бұл зерттеуде жекелеген фразеологизмдердің түркілік сыры да қоса қамтылған. Алайда түркі ономастикалық фразеологизмдерін туыстас тілдердің материалында өз ішінен салыстыра зерттеу жоқтың қасы. Бұл бағытта түркі тілдерінің фразеологизмдерін салыстыра зерттеп жүрген Қ.С. Қалыбаеваның зерттеулерінде бірқатар мәліметтер кездеседі (Қалыбаева, 2009). Садирова К.К., Тектигул Ж.О., Жазыкова Р.Б., Исламғалиевалардың бірігіп жазған мақаласында «Қазығұрт» топониміне қатысты тілдік санада қалыптасқан мифтік жүйе мәселесі сөз болады (Садирова, 2021). Сол сияқты З.А. Биктагирова, Г.С. Хазиевалардың татар және түрік тілдеріндегі ономастикалық фразеологизмдерді салыстыра зерттеген мақалалары (2012) болғанымен, түркітану саласында көтеріліп отырған тақырып аясында арнайы зерттеулер өте аз.

## Материалдар және зерттеу әдістері

Ономастика халықтың этностық ерекшелігімен тығыз байланыста қалыптаса келіп, сол халықтың сыртқы ортамен тарихи, мәдени байланысының сыр-сипатын танытатыны анық. Мақал-мәтел мен қанатты сөздердегі, фразеологизмдердегі әрбір халық, ұлт атауы, әрбір қала, ауыл-аймақ, өзен, су атаулары, жеке тұлғалардың есімі – бәрі де түркі халықтарының бастан кешкен ортақ тарихы мен кейінгі тарамдалу жолы жайлы кейінгіге құнды мағлұматтар берері даусыз. Бұл жолда түркі тілдерінің деңгейінде азды-көпті жасалған зерттеу нәтижелері ендігі ретте оларды өз ішінен салыстыра зерттеуге мол мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде туыстас түркі тілдерінің фразеологиясы мен ономастикасын біртұтас жүйе ретінде қарастырған, әрі оларды туыс емес тілдермен салғастыра қарастырған зерттеулер іріктеліп алынды. Сонымен қатар, мақалаға негіз болып отырған тілдік деректерді талдауда түркі тілдерінің түрлі сөздіктері, қазақ тіл білімі мен түркітану саласындағы ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары пайдаланылды. Зерттеу барысында салыстырмалы-салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі қолданылды. Ономастикалық компоненті бар фразеологиялық бірліктерді, салыстырмалы және халықаралық фразеологизмдерді, ономастиканы, прецеденттік атаулар кешенінің сипаттамасы мен прецеденттік мәтіндерді, лексикографиялық дереккөздерді зерттеуге арналған көптеген теориялық зерттеулер қатарында «Көне түркі сөздігі», «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі», «Түркі тілдерінің фразеологиялық сөздіктері» пайдаланылды. Сонымен қатар, дереккөз ретінде және кейбір түркі тілдеріндегі қос тілді сөздіктердің де, түркі халықтарының этнографиясына қатысты зерттеулердің деректерін де кеңінен пайдаландық.

## Талдау

Тілдің лексикасынан қомақты орын алатын ономастикалық атаулар мәселесі бүгінгі тіл білімінде, жеке түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде де жан-жақты зерделенген мәселе болып табылады. Бұл саланың антропонимика, топонимика, этнонимика арналарының теориялық мәселелері де тіл білімі тұрғысынан жақсы бағамдалған. Алайда ономастикалық атауларды туыстас тілдердің материалында салыстыра зерттеу мәселесі енді ғана зерттеу нысанына іліге бастады. Жалқы есімдерді зерттеуші Г. Мәдиева бұл атаулардың мәнін төмендегідей бағалайды: «К ядерным элементам национальной когнитивной базы относятся прецедентные имена, которым принадлежит одна из ведущих ролей в накоплении и передаче культурной информации, понимании определенной ситуации и целого комплекса ассоциаций, которые возникают при актуализации прецедентного имени в речи» (Мәдиева, 2018: 122).

Ономастикалық атаулардың ішінде ерекше көзге түсетіні – фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің құрамындағы тарихи тұлғалардың атаулары. Ғалым Г. Смағұлова өз зерттеуінде осы кезеңдегі тұлғаларға байланысты қазақ мақал-мәтелдерінің құрамында қалған Бердібек, Тоқтамыс хан атауларын келтіреді. Мысалы: Нар мойыны Бердібекте кесілді: Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды,

көрсө бас ұрып тоңқайғанын да қоймайды (Смағұлова, 2010: 21). Мысалы, қазақ тарихында қалған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» деген оралымдардың бойында талай тарихи ақпараттар жатқанын әркім біле бермейді. Мұндағы Қасым хан тұсындағы ел басқару ісіне қатысты реттелген заңдар жобасы ел арасында «Қасым ханның қасқа жолы» атауымен сақталып, оны жалғастырушы Есім ханның шешімдері ел арасында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалғандығын осы оралымдар өз бойында сақтап қалып отыр.

Осындай тарихи тұлғалардың бірқатары түркі жұртына ортақ. Мысалы, тарихтағы Мамай есімі барша түркі халқына таныс. Өйткені Мамай – түркі жұртына ортақ Алтын Орда кезеңіндегі тарихта болған тұлға. Ол – сол кезеңде Мәскеу патшалығына алапат соғыстар жүргізіп, өзінің аяусыз қантөгісімен есте қалған қолбасшы. Бұл есім, әсіресе, орыс халқында өзінің қатыгездігімен ерекше есте қалған. Ол 1370 жылдары Алтын Орданың билеушісіне айналды. Орыс тілінде бұл есім мен оған қатысты оқиғалар «Как Мамай прошел – полнейший беспорядок, опустошение, разгром» деген мағынада тұрақты тіркеске айналған. Татар тілінде: *Мамай заманында* «баяғыда, әлдеқашан ұмытылған заманда», *Амайдағы, мамылдағы* «әлдеқашан, баяғыда» деген мағынада қалыптасқан; башқұрт тілінде: *мамай заманы (заманында)* «баяғы заманда»; *Мамай йыры* «әлдеқайда арзан, әлдеқайда жеңіл, жақсырақ» деген мағынада айтылады. Ал қазақ тілінде «Өлдің Мамай, қор болдың» «кеше ғана абыройлы едің, заманың өтті, қор болдың» деген мағынада қолданылады. Мамай батыр өлгенде анасы: «*Өлдің, Мамай, қор болдың!*» – деп жоқтаған деседі. Бұл оралым қазақ фольклорында сақталған осы жоқтаудан қалса керек.

Түркі халықтарында жиі ұшырсатын есімнің бірі – Майқы би. Майқы би – ел билеген көсем, басынан сөз асырмаған шешен. Аңыз бойынша Орманбет би қайтыс болған соң қазақтарды үш жүзге бөлген осы Майқы екен. Жұрт оны «Қарқуардай Майқы» деп, таңның атысы, күннің батысы талмай шырылдайтын құсқа теңеген. «Майқы айтты» деген сөздің көпшілігі халық даналығына айналып кеткен.

Түркі халқына кеңінен таныс есімнің бірі – Асан қайғы. Өз жұртына бақытты өмір іздеп, сарылып өткен бұл тұлға қазақ тілінде *Асан қайғыға салыну* «жөнсіз уайымшылдық» мағынасын берсе, татар тілінде *Хәсрәт Хәсән* (уайымшыл Хасан) – сары уайымға салыну мағынасында қолданылады екен.

Башқұрттар мен татарларға шамадан тыс салық салған Андрей Жихарев патша әкімшілігінің Уфа округі кеңсесіндегі өкілінің есімі (18 ғ. басы) *Андрей қазнасы* «сарқылмайтын қаражат көзі» деген мағынада башқұрт тілінде (Сайтова, 2007: 421). Андрей қазнасы – «шексіз байлық; түпсіз бөшке (Ресей қазынасы)» түрінде татар тілінде сақталып қалған. Осындай тарихта қалған есімнің бірі – Ресей империясы тарихында 1905-1907 жылдардағы революция кезеңінде министрлер кеңесін басқарған қатігез Столыпин есімімен байланысты қалыптасқан татар тіліндегі *Столыпин галстугы* фразеологизмі де бойына көп тарихи ақпараттарды сақтап қалған.

Бірнеше мысал ретінде дінмен, наныммен байланысты атауларды көрсететін паремиялар да бар. Бұл жайында зерттеуші Ф. Әшімханова: «Антропонимиялық лексиканы зерттеу теориясына сай әрбір этностың, тайпаның (ұлттың, халықтың) ұзақ даму барысында қалыптасқан азаматтық тарихымен қатар, антропонимиялық тарихы

болатыны белгілі және ол тарих сол қауым мүшелері жасаған есімдерінің қалыптасу процесін олардың заман талабына, саяси-әлеуметтік, мәдени, діни өзгерістерге байланысты жаңаланып, жаңғырып, ауысып, дамып отыратынын көрсете алады», – деп атап көрсетеді (Әшімханова, 2007: 64). Мысалы, шығыс әлеміне белгілі болған Хызыр Илияс әулие пайғамбардың есімі башқұрт тілінде «*Сәуірден алтыһында Хызыр Илияс камсығын һелтәй*» түрінде қалыптасқан. Себебі осы күннен бастап, қыстың ызғары әлсіреп, қар ери бастайтын көрінеді (Биктагирова, 2012: 449). Башқұрт тілінде *Әжәлең тапқан Локманға әжәле мең жылға миһләт бірған* «Өлім тапқан Лұқманға өлім мың жыл мезгіл берді» деген оралымдар да діни сипаттағы аңызға айналған ойлармен байланысты қалыптасқан болса керек. Сол сияқты *Дақянустың байлығы* Бай Дақянустың ертегі байлығы туралы ескі татар әңгімесінен алынған екен. Башқұрт тілінде паремиялық қорда жалқы есімдермен байланысты күнтізбелік өзгерістерге орайласқан мақал-мәтелдер кездеседі. Олардың ішінде «*Ақман-Тоқман – алты көн, алтығы ла каты көн* Ақман-Тоқман – алты күн, алтауы да суық емес» деген ойды білдіреді. Жалпы *Ақман-Тоқман* – наурыз айында болатын күшті борандардың аты ретінде қабылданады.

Башқұрттар мен орыстардың тығыз байланысы нәтижесінде башқұрт тіліне әулие есімдерімен байланысты антропонимдер кіретін мақал-мәтелдер енген: *Питрау үтте – йәй үтте* «Петров күні өтті – жаз өтті». Славян мәдениетінде Петров күні маусым айының ортасына сәйкес келеді. Керісінше, *Покров етте – кыш етте* «Покроу келді – қыс келді» түрінде де кездеседі; *Микыла етмай йай былмай, Микыла етмай кыш былмай* «Никола келгенше, жаз жоқ, Никола келгенше, қыс жоқ» деген мағынадағы бұл фразеологизм де орыстың діни күнтізбесіндегі 9 мамыр «Никола күні» ұғымынан туындаған екен.

Түркі халықтарының ішінде татар және башқұрт халықтарында кең таралған Ғали мен Уәли деген тұлғалар бар. Бірде қалжыңмен, бірде шындықпен астастырылып қолданылатын бұл есімдер осы халықтардың тілінде көптеген оралымдардың жасалуына негіз болған. Татар тілінде бұл есім он шақты мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында кездеседі екен. *Вали уз ешендә Ғали уз ешендә* «Уәли өз жұмысында, Ғали өз алдына» яғни, әркім өз ісімен айналысады, ешкім ешкімді ойламайды деген мағынада жұмсалады. *Ғали Валигә, Вәли Галидә аударә; Ғали бүркен Вәлигә, Вәли бүркен Галигә (қыдырып жүру); Галигә дүслыктан түгел, Могавиага дошманлыктан – торна*. Бір қызық жері Ғали, Вәли атаулары түрік тілі оралымдарында Әли, Вели түрінде де жиі ұшырасады екен. Мысалы:

*Алинин борчуну Велиден сорулмаз;* (Әлидің қарызы Уәлиден талап етілмейді).

*Али дост теккеде калды бизим ески пост* (екеуі де Әли дос, Уәли де дос, бұрынғы шейх лауазымымыз текке қалды);

*Алинің күлахыны, Велие, Велинің күлахыны Алие гидирир* (Әлидің тымағын Уәлиге кигіз, Уәлидің тымағын Әлиге кигіз).

Алие иедик, Велие дүдүк (Әли үшін – тамақ, ал Вали үшін – ысқырық). Бұл мақал қажеттілікке жұмсалған ақша туралы айтады (Балтабаева, 2019: 273).

Әли, Уәли атаулары қарақалпақ тілінің оралымдарында да жиі қолданылатыны таңғалдырады. Мысалы: *Баланың атын Әлий қой, одан қалса Уәлий қой*. Жалпы



қарақалпақ ғалымдары Әли мен Уәли (Вәли) есімдерінің түркі фразеологизмдерінде жиі қолданылуын араб, парсы тілдерінен шыққандығымен байланыстырады (Балтабаева, 2019: 273). Ал қазақ тілінің фразеологиялық қорында бұл есімдер кездеспейді.

Ғаламдық метафорация арқылы жасалған фразеологиялық бірліктерде күнделікті, мифологиялық немесе тарихи сипаттағы белгілі бір жағдай тілде бір фразеологизмнің қалыптасуына негіз болады. Мысалы, татар тілінде: *Гыйбадланып йори* – қалада біраз тұрған соң өзін қала адамы деп шешкен, шын мәнінде сыртқы түрі ғана өзгергенімен, болмысы сол күйінде қалған мақтаншақ, бос адам, ауылдың тумасы туралы ой сақталған. Тугыры Тукай – «тура да әділ адам» деген мағынада қолданылады екен. Қарақалпақ тілінде «*Сыпырасында бір ууыс ұны жоқ, қызының атын Майдабике қойыпты*» деген оралымда шамасына қарамай, көкірегін көтеретін менмен адамға қарата жеңіл әзілді астар қалыптастырған Майдабике есімі кездеседі. Әрине мұндағы Гыбайдулла, Тукай, Майдабике есімдерінің бұл оралымдарда қалу сыры тарихта ұмытылғанымен, кезінде белгілі бір тұлғалардың жеке басындағы қасиеттерімен байланыстырылғаны анық. Ал қазақ тілінде фольклор тілінен келіп қалыптасқан «Шық бермес Шығайбай» (қолы тар, пес адам), «Қарынбай сараң» (қолы тар, пес адам), «Қобыланды келеді сайменен» (созылып бітпей кеткен іс жайлы айтылады) фразеологизмдері қалыптасқан болса, қазақ танымындағы мифтік жүйеден келіп қалыптасқан «Асанқайғыға салыну» (Орынсыз уайымға бату), «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» (пессимизмге салыну) секілді оралымдар халық санасында мәңгіге орын тепкен. Бұл атауларға байланысты түрлі тартысты пікірлер де жоқ емес. Мысалы, Асан қайғы атауы – ноғай, қырғыз, қарақалпақ сияқты бірқатар түркі халықтарының фольклорында жиі кездесетін жинақтаушы атау. Дегенмен халық санасында бұл атаулардың кейінгі тұрақталған мағынасы мәңгі есте қалған. Қазақтың ертедегі түсінігіне байланысты Жылқы атасы – Қамбар ата, Сиыр атасы – Зеңгі баба, Түйе атасы – Ойсыл қара, ешкі иесі – Сексек ата, Қой атасы – Шопан ата деп келетін оралымдарда да бүгінде түрлі аңыздарда айтылатын қазақ халқының мифтік балаң түсінігі сақталған. Зерттеушілер ислам дінінің таралуымен байланысты Зеңгі баба, Шопан ата, Қамбар ата ұғымдарының киелі ұғымға айналғанын көрсетеді. Қамбар ата ұғымы бірқатар түркі тілдерінде сақталған (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005: 73). Ал Ойсылқара ел ішінде әулие ретінде танылған Уәйіс әл-Қаранидің атымен байланысты қалыптасқан ұғым делінеді. (VII-VIII ғасырлар). Ескіден жеткен аңыз бойынша Ойсылқара әулие Мұхаммед пайғамбардың тапсырмасын орындаушы, пайғамбар тапсырмасы бойынша түйе малын бағушы болса керек. Шопан ата – қой түлігі мен шопанның пірі. Зерттеушілердің пікірінше шамамен 13-14 ғасырларда өмір сүрген және Қожа Ахмет Ясауи көмекшілерінің бірі болған екен. Ал Ешкі пірі аталған Сексек ата ертеде ағасының қатігездігімен айдалада қалдырылса да, тау ешкілерін асырап бағып күн көрген жігіт ретінде елдің есінде қалған делінеді. Ал сиыр малының пірі Зеңгі баба Қожа Ахмет Ясауидің мұриті болған деген дерек бар. Ол жайында біз Әбубәкір Диваев жазбаларынан: «Зеңгі атаның шын есімі Әмин баба еді, өте қара кісі болғандықтан «Зеңгі баба» атанып кеткенін» деген мәлімет кездестіреміз.

Түркі фразеологизмдерінің құрамында жиі кездесетін жалқы есімдердің бірі – топонимдер, яғни түркі жұртындағы жер-су атаулары. Мысалы: *Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары*. Н.Оңдасыновтың «Арабша – қазақша түсіндірме» сөздігінде: «Мысыр

– қала, үлкен қаланың теңеуі» дегенмен қатар «нұр жауған, берекелі, жарылқаған өлке» деген ауыспалы мағынада да беріледі. Бұл фразеологизм қарақалпақ тілінде де «*Хәрқимниң өскен жері Мысыр шәхәри*» түрінде кездеседі. Ал ноғай халқында «*Мысырда патша болғаннан, элимде шобан болған артық*» деген оралым кездеседі. Сонымен қатар Мысыр топониміне байланысты «*Муннан кеткен аң құслар, Барып Мысырда қыслар*» деген фразеологизм де осы ноғай тілінде қолданылады. Беретін мағынасы әркімнің өз жері – берекелі, құтты мекен деп білеміз. Бұдан шығатын ой, демек Мысыр атауы бүкіл түркі жұрты үшін қасиетті де қадірлі ұғым екен.

Жалпы түркі жұртының танымында Мекке мен Медине топонимі ең киелі атаулардың бірі болып табылады. Себебі ислам діні осы Мекке қаласында тарағандықтан, ең киелі атаулардың біріне айналған. Бұл топоним қарақалпақ тілінің фразеологизмдерінде де жиі қолданылады. Мысалы, «*Хожя мен хожя Меккеде табысар*», яғни «ең оқымысты жандар тек Меккеде жолығысады» деген мағынада қолданылса керек. Қазақта «*Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызыңнан құтыла алмайсың*» деген мақал ерте замандардан қалыптасқан. Яғни, түркілік танымдағы ислам дініне деген құрмет осы Мысыр, Мекке елінің атаулары арқылы фразеологизмдерде сақталып қалған. Жалпы құрамында жер-су атаулары кездесетін фразеологизмдер халық жадынан мықтап орын алған тілдік санаға қатысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері болғандықтан, олар да халық тарихынан сыр шертеді. «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі» атты ғылыми еңбегінде Ұ.Рысқалиқызы: «Топонимдер халықтың көне тарихынан мол мәлімет бере алатын, этностың өткенінен этнографиялық деректер жеткізе алатын, дәуірлік жүк арқалаған ұлттық лексиканың негізгі саласының бірі», – деп көрсетуінде үлкен мән жатыр (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005: 4).

Мысалы, қазақ тілінің өзінде жалпы жер-су атауларында Қазақстан территориясының аймақтарына берілген сипатын тануымызға болады. Мысалы, «*Сыр елі – жыр елі*», «*Арқаға барсаң, әншімін деме, түстікке барсаң, бишімін деме, батысқа барсаң, күйшімін деме*» оралымдарында осы аймақ халықтарын танып білуге қатысты мол ақпараттар жатыр. Әрине, фразеологизмдердің құрамында жер-су атаулары кездейсоқ сақталып қалмайды. Мұнда сөзсіз үлкен бір тарихи оқиғаның астары жатады. Мысалы, татар тілінде: *Лаеш шулпасы ешкән (ешмәген)* – «төзімді қиындықтарды жеңе білетін» деген мағынада қолданылады. Себебі татар елінде қаладан онша алыс емес жерде Лаеш деген ауыл болған екен. Бірақ батпақты жер болғандықтан оған жету өте қиын екен, ол ауылға жету үшін айналма жолмен жүруге тура келгендіктен тура жолдағы батпақты кешіп өтпек болғандардың біразы балшыққа батып өлген жағдайлар болған екен, сол ақпарат *Лаеш шулпасы ешмәген* – «мұқтаждық көрмей өмір сүрген»; *Лаешта булмаған* «қиындық көрмеген, түк көрмеген» деген мағынада қалыптасқан. Сол секілді осы татар тілінде белгілі бір қызық тарихи ақпаратты сақтап қалған фразеологизмнің бірі – «жасандылық, өтірік» деген мағынадағы «*Потемкин авылары*» оралымы. Бұл фразеологизмнің қалыптасуында да үлкен тарихи ақпарат жатыр екен. Өз кезеңінде II Екатерина Қырым аймағындағы халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын көру үшін аралауға шыққан екен. Сол жылдары осы аймаққа жауапты князь Г.А. Потемкин өтірік қызыл-жасылды декоративті ауылдар жасап, қарсы алғанға ұқсайды. Бұл фразеологизм осы өтірік

ауылдардың тарихта қалған белгісі ретінде «жасандылық, өтірік» деген мағынада татар тілінде әлі қолданыста екендігі Ф. Ганиевтің еңбегінде көрсетілген (Ганиев, 1970: 32).

Татар, башқұрт тілдерінде Бұхара қаласының атауы тілде өте жақсы сақталған. Оның сыры бұл халықтардың ислам дінін қабылдауымен байланысты болса керек. Яғни татар, ноғай және башқұрт халықтарының молдалары орта ғасырларда Бұхарадан барып, білім алған. Сондықтан болар, бұл тілдерде Бұхара қаласының атауы білімділіктің, құрметтің белгісі ретінде қолданылатыны байқалады. Татар тілінде ежелден татар халқының санасында сауда, оқу-ағарту және мәдени орталық ретінде байланыстырылған Бұхара ойконимі бірқатар фразеологиялық бірліктердің құрамдас бөлігі болып табылатыны келесі фразеологиялық бірліктердің мәнін түсіндіреді:

*Бохара мәшәсе* немесе *Бохар жимеше* – Бұхарада білім алған молда;

*Бұқараға барса аяғын жирге тиерместер иде* – үйде қадіріне жетпеген өте білімді адам туралы.

*Бохар киавендә дә була* – Бұқар күйеу балада мұндай кемшілік болады, кемшілігі жоқ адам болмайды, болмашы кемшілік кешіріледі;

*Бохар ишек* – Бұқар есегі, жалқау, қыңыр, ақымақ адамды білдіру үшін қолданылады. Бұхара атауына қатысты фразеологизмдер татар, башқұрт тілдерінде көп кездеседі екен де, қазақ тілінде мүлде кездеспейді екен. Мұның өзі ислам дінінің бастауы Орта Азия елдеріне осы Бұхарадан білім алған татар, ноғай, башқұрт молдаларынан тарағанымен байланысты болса керек.

Бір қызығы, татар тілінде Москва ойконимдік компоненті бар фразеологизмдер де бар: *Мәскеу өсте* – «Мәскеудегі жәрмеңке маусымы», *моннан ыргытсан Мәскәуге барып житар* «ескіріп, қатып қалған нан туралы» т.б. *Мәскеу күрене (куренерлек)* сұйық демделген шайды сипаттайды. Айта кету керек, «*Мәскеу көрінеді*» деген тіркес орыс тілінде де бар екен, алайда ол тілде тозған нәрсені сипаттайтын ұқсайды. Демек, бұл орыс тілінен калькалана отырып, басқа семантикалық өрісте дамып қалыптасқан фразеологизм болып табылады.

Түркі фразеологизмдерінің бойында жиі кездесетін жалқы есімдердің бірі ұлт, халық атаулары, яғни этнонимдер болып келеді. Этнонимдер әр халықтың тілін, тарихын зерттеу үшін құнды мәліметтерді қамтиды. Этнонимдерден танылатын коннотациялық бояулар фразеологиялық бірліктерде де байқалып тұрады. Негізі этнонимдердегі белгілі бір коннотациялардың қалыптасуында экстралингвистикалық факторлар жатыр. Сол факторлар осы тілдік бірліктердің қалыптасуындағы тарихи, саяси, діни және психологиялық контекстермен байланысты. Осы экстралингвистикалық себептердің барлығы этнонимдердің коннотацияларының қалыптасуына септігін тигізеді де біртіндеп, туынды және фразеологиялық байланысты мағыналардың семантикалық өзегіне айналады. Осыдан келіп, әр этносқа тән стереотиптер қалыптасады. Ал этникалық стереотиптер дегеннің өзінен әр халықтың айналада қоршаған басқа халықтардың санасында қалыптасқан стандартты сипаты келіп шығады. Ондай стандартты сипаттың өзі тарихи санадағы көрінісі белгілі бір оқиғалармен, кейде белгілі бір халықтың, ұлттың тіпті кейде ру-тайпалардың жиынтық образымен байланыста қалыптасуы мүмкін. Мысалы, қазақ тарихында ру атауларымен байланысты қалыптасқан түрлі фразеологизмдер кездеседі. Айталық, «*қоңыраттың ең жаман қызы күйеуін сабар*» фразеологизмі бір қарағанда



жеңіл қалжыңға құрылған секілді көрінгенмен, мұнда сол халықтың бойындағы қайтпастық, батылдық секілді этностық сипат жатыр. Бір қызығы, қарақалпақ халқында да қоңырат руымен байланысты қалыптасқан «*Қоңырат келсе сөз басылар, Қытай келсе жан басылар*» деп келетін фразеологизмде де осы этностық сипат нақтылана түседі. Түркі антропонимдерінің мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында қалып қоюы негізінен халық санасында қалған белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты да болып келеді. Мысалы, қазақ тілінде «*қытай қорған болу*», «*татар бар жерде қатер бар*» секілді оралымдардың құрамындағы тарихи ақпараттарды көпшілік біле бермейді. Мұндағы «қытай қорған болу» ұлы қытай қорғанының салынуымен байланысты қалыптасып, бүгінде «жауласу, араласпау» мағынасында образды түрде қолданылады. Осы қытай атауы тек қазақ емес, басқа туыстас тілдердің фразеологизмдерінде де осы мағынада сақталып отырғаны байқалады. Зерттеу барысында біз татар тілінде осы ұлт атауымен келетін бірнеше оралымдарды анықтадық. Мысалы: *Мин сөйлимен Япон белән Кытайны, син сөйлисең Хөппениса тұтәйне*; бұл фразеологизмнің мағынасы қазақ тіліндегі «бас десе құлақ деу» фразеологизміне сәйкес келеді; Сол секілді *Кытай тәкәллефләре күрсәтү*; «түкке қажетсіз формализммен айналысу»; *Кытай грамыты (грамотасы)* – түсініксіз іс әрекеттер; Бұл фразеологизмдердің қалыптасуы жайлы татар ғалымы Ф. Ганиевтің еңбегінде: «Во времена императорского правления Китай был государством с огромным чиновничьим аппаратом и церемониальным двором самого императора – богдыхана. Этот двор был знаменит своим очень сложным и пышным этикетом – правилами поведения, которых было так много, что появилась целая наука о придворных церемониях. Каждый новый император вводил дополнительные обычаи и церемонии» деген деректер келтіріледі (Ганиева, 2012: 67). Ал «*татар бар жерде қатер бар*» фразеологизміндегі татар атауы қазіргі татар ұлтына қатысы жоқ болса керек. Бұл оралымның қалыптасуы сонау моңғол-татар шапқыншылығымен байланысты болса керек деген мәлімет бар. Себебі, ол замандарда бүкіл түркі жұртын татар деп танушылық болғанын білеміз. Тіпті, қытай жұрты сол ұлы қорғанын осы көршілес отырған түркі жұртынан қауіптенгеннен салған деген де мәлімет бар. Демек, жалпы татар атауының төркінінде бүкіл түркі жұрты жатқандығы осы фразеологизмде тұрақталуы әбден мүмкін. Сол секілді атаудың бірі-қазақ атауы. Мысалы ноғай тілінде «*Казак шыгув*» деген фразеологизм кездеседі. Беретін мағынасы «үй жайын тастап, еркіндікке шығып кету» деген ұғымды береді деп көрсетілген ноғай сөздігінде (Шихмурзаев, 2006: 67). В.В. Радловтың сөздігінде қазақ сөзі жайлы мынадай мәлімет берілген: «Слово «казак» на тюркских языках объясняется как человек вольный, независимый, уходящий со своей родины на заработки» (Радлов, 1911: 364). В.В. Радлов, Р.Х. Керейтов мұндағы қазақ этнонимін казачествомен байланыстырады. Патшалы Ресей кезеңінде жайылымдық жер үшін болған тартыстарда жеңіліс тапқан қара халық үй-жайын тастап босқынға айналғандарды «қазаққа шығушылар» деп атаған деген мәлімет келтіреді (Керейтов, 2002: 36). Ноғай халқында осы халықтың атауына байланысты қалыптасқан оралымдарын кездестіреміз. Мысалы, «*Ногай болсаң, тарақ бол, мырза болсаң орақ бол*» немесе «*Есеней тамга ортақ*» «*Есеней тамга таяқ, кімге салсаң да болмаяк*» секілді оралымдарда ноғай жұртының Есеней руына байланысты және бұл халықтың дәстүрінде кең орын алған ру таңбаларына байланысты мәліметтер сақталып қалған. Ол ру Енесей өзенінің

бойында өмір сүрген ертедегі ноғай халқының ата жұртымен байланысты болса керек. Бұл атауды ноғайлар кейіннен Краснодар өлкесіндегі Есеней (Ясени) өзенінің атына ауыстырған сияқты.

### **Нәтижелер**

Тілдің фразеологиялық және ономастикалық кеңістігі жеке адам мен қоршаған дүниенің өзара әрекетін зерттеу үшін өнімді зерттеу алаңқайы болып табылады. Өйткені олар адамның дүние туралы идеялары мен білімін ғана емес, сонымен қатар объективті шындықтың жеке фрагменттерімен адамның қарым-қатынасының түрлерін де айқын көрсетеді. Сонымен қатар, фразеологизмдерде адам мен дүние, адам мен тіл арасындағы қарым-қатынастың барлық түрлері, мінез-құлықтың ұлттық-мәдени стереотиптерінің сценарийлері бағдарламаланған. Фразеологиялық жүйеде ұлттық мәдениеттің эталоны, стереотипінің бір түрін бөліп көрсетуге болады, сондықтан оны лингвомәдени қауым өзінің ұлттық болмысын айқындайтын айна деуге болады. Осымен байланысты мақалада қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт және түрік тілдеріндегі бірқатар фразеологизмдердің құрамындағы ономастикалық атаулардың қыр-сыры талданып берілді. Нәтижеде туыстас түркі халықтары фразеологизмдерінің бойында тұрақталған кейбір антропонимдер мен топонимдерге талдау жасалды. Түркі халықтары тарихындағы ірі тұлғалардың, жер-су атауларының, этнонимдердің фразеологизмдерде біркелкі сақталып-сақталмауының сырлары тарихи деректермен дәлелденді. Осыған қатысты мақалада түбі бір түркі жұртының бастан кешкен ортақ тарихы, тарамдалғаннан кейінгі тарихына қатысты қалыптасқан бірқатар фразеологизмдердің құрамындағы ономастикалық атаулардың сыры ашылды. Мұндай түркі фразеологизмдерінің құрамындағы ономастикалық атауларды арнайы зерттеу туыстас тілдердің материалында қарастырылғаны халқымыздың тарихы үшін де, келешек ұрпақтың танымы үшін де зор нәтиже берері сөзсіз.

### **Қорытынды**

Құрамына жалқы есімдер қатысқан мұндай оралымдар түркі халықтарының фразеологиялық қорында жақсы сақталған. Осыған байланысты түркі тілдерінің фразеологиялық бірліктеріндегі ономастикалық компоненттердің құрамын зерттеу нысанына алдық. Өйткені мұндай зерттеулер тілдің семантикалық жүйесінің ерекшеліктерін жақсырақ түсіну үшін ғана емес, семантикалық әмбебап ұғымдарды анықтау үшін, сонымен қатар осы түркілік тілдік қауымдастықты басқалардан ерекшелендіретін нәрсені айқын көру үшін де, дүниеге ұлттық көзқарас қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу үшін де маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, мақаламызда бірқатар ономастикалық фразеологизмдердің қыр-сырын аштық. Айталық, фразеологизмдерде түркі жұртына ортақ антропонимдер фразеологизмдерде біркелкі тұрақталмағандығы анықталды. Мысалы, мақалада сөз болған Мамай есімі татар, башқұрт тілдеріндегі оралымдарда көбірек сақталған болса, қазақ және қарақалпақ тілдерінде тек «Өлдің Мамай, қор болдың...» оралымында ғана қалып қойған. Оның сыры Мамай қолбасшының

Ресей жұртына салған жойқын ұрыстарының сол өңірдегі халық санасында үрей боп қалып қоюымен байланысты болса керек. Әрі бір мемлекет құрамындағы өмір сүрген халықтардың тілінде орыс тілінен түрлі калька тәсілімен ауысқан фразеологизмдер санының молдығы да бұл Мамай есімінің фразеология қорындағы орнын анықтай түссе керек. Сол секілді фразеологизмдер құрамындағы топонимдердің қолданысында да ерекшеліктер бар. Түркі жұртының ортақ тарихындағы Мекке, Мысыр атауларының оралымдар құрамында қолданыс жиілігінде бірқатар ортақтықтар болса, Бұхара атауының қолданысы мүлде басқаша. Мұның өзі осы туыстас татар, башқұрт жұрты мен қазақтың және қарақалпақтың ислам дінін қабылдау жолындағы бастан өткерген оқиғаларымен тығыз байланысты болса керек. Яғни, қазақ пен қарақалпаққа қарағанда татар, башқұрттар ислами білімнің орталығы Бұхарамен тереңірек байланыста болған сияқты. Ал түркі жұртындағы этнонимдік атауларда кездесетін негізгі қытай, орыс атауларына байланысты түркілік көзқараста ортақ сана деңгейі анықталса, оралымдарда кездесетін әр ұлттың өз атауына қатысты этноним атауларында өз халқына деген құрмет, мақтанш сезімі айқын танылады. Мұндай ұғымдар дүниенің тілдік бейнесімен тығыз байланыста қалыптасады. Дүниенің тілдік бейнесі әрбір халық үшін тек өзіне ғана тән ұлттық-мәдени компонентті қамтиды. Туыстас халық тілдеріндегі жалқы есімдерді жасауға қатысатын халықтың рухани, мәдени дүниетанымдық жүйесі негізінен түркі жұртына ортақ, бірегей болғанымен материалдық тұрмыс-тіршілігіне байланысты ұғымдар атауында айырмашылықтар болмай қалмайды. Мұның өзі түркі фразеологизмдеріне тарихпен сабақтастырыла қарастырылатын ауқымды зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді. Демек, түркі фразеологизмдерінің бойында сақталып отырған жалқы есімдердің мағыналық топтарына қарай тарамдата зерттеу келешекте жалғасын таба береді демекпіз.

### Әдебиет

Әшімханова Ф.М., 2007. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол.ғыл. канд. дисс. автореф. Алматы. 24 б.

Балтабаева Н.Б., Кобланова Ж.К., Абдиназимов Ш.Н., 2019. Антропонимы и топонимы, употребленные в составе каракалпакских пословиц и поговорок. *Universum: филология и искусствоведение*. № 7 (64). С. 11-13.

Биктагирова З.А., Хазиева-Демирбаш Г.С., 2012. Личные имена в татарских и турецких пословицах и поговорках. *Вопросы современной науки и практики*. С. 271-274.

Ганиев Ф.А., 1970. О синтетических и аналитических падежах в татарском языке. *Вопросы тюркологии*. Казань: КГПИ. 75 с.

Ганиева Г.Р., 2012. Фразеологические единицы с компонентом именем собственным в английском, русском и татарском языках: монография. ФГБОУ ВПО: «КНИТУ». 106 с.

Керейтов Р.Х., 2002. Общетюркские элементы в этнической истории и бытовой культуре ногайцев: диссертация доктора исторических наук. 07.00.07. Москва. 429 с.

Кудина Е.Ф., 1982. Фразеологические единицы с компонентом «имя собственное» современного немецкого и украинского языков: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Киев. 219 с.

Ловянникова В.В., 2008. Ономастическая фразеология в лингвокультурологическом аспекте: на материале немецкого языка: диссертация кандидата филологических наук. 10.02.19. Владикавказ. 260 с.

Мадиева Г.М., 2018. Ономастика Казахстана: аналитический обзор (подходы исследования онимов). Алматы: Қазақ университеті. 80 с.

Мендельсон В. А., 2009. Фразеологизмы библейского происхождения в английском и русском языках. Казань: ЗАО «Новое знание». 156 с.

Радлов В.В., 1911. Опыт словаря тюркских наречий. СПб. 559 с.

Садирова К.К., Тектигул Ж.О., Жазыкова Р.Б., Исламғалиева В.Ж., 2021. Мифологическое выражение топонима «Қазығұрт» в языковом сознании (на материале казахского языка) // Филологический аспект, № 08 (76). Нижний Новгород. С. 53-63.

Сайтова Э.М., 2007. Имена лиц во фразеологической картине мира (на материале немецкого, русского и башкирского языков): автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Уфа. 24 с.

Смағұлова Г.Н., 2010. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. Алматы: Арыс. 277 б.

Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж., 2005. Төрттүліктің қасиеті. Алматы. 192 б.

Шихмурзаев Д.М., 2006. Ногайско-русский фразеологический словарь. Махачкала: ООО «Издательство НИИ педагогики». 296 с.

## Reference

Ashimhanova F.M., 2007. Kazak tilindegi antroponimderdin lingvomadeni zhujesi [Linguocultural system of anthroponyms in the Kazakh language]: filol. gyl. kand. diss. avtoref. Almaty. 24 p. [in Kazakh].

Baltabaeva N.B., Koblanova Zh.K., Abdinazimov Sh.N., 2019. Antroponimy i toponimy, upotreblennye v sostave karakalpakskih poslovic i pogovorok [Anthroponyms and toponyms used as part of Karakalpak proverbs and sayings]. Universum: filologija i iskusstvovedenie: jelektron. nauchn. zhurn. № 7 (64). P. 11-13. [in Russian].

Biktagirova Z.A. Hazieva-Demirbash G.S., 2012. Lichnye imena v tatarskih i tureckih poslovicah i pogovorkah [Personal names in Tatar and Turkish proverbs and sayings. Issues of modern science and practice.]. Voprosy sovremennoj nauki i praktiki. P. 271-274. [in Russian].

Ganiev F.A., 1970. O sinteticheskikh i analiticheskikh padezhah v tatarskom jazyke [About synthetic and analytical cases in the Tatar language]. Voprosy tjurkologii. Kazan: KGPI. 75 p. [in Russian].

Ganieva G.R., 2012. Frazеологические единицы с компонентом именем собственным в английском, русском и татарском языках [Phraseological units with a proper name component in English, Russian and Tatar languages]: monograph. FGBOU VPO «KNITU». 106 p. [in Russian].

Kerejtov R.H., 2002. Obshhetjurkskie elementy v etnicheskoj istorii i bytovoj kul'ture noгайцев. Dissertacia doktora istoricheskikh nauk [Common Turkic elements in the ethnic history and everyday culture of the Nogais. Dissertation for the degree of candidate of historical sciences]. Protected: 07.00.07. Moscow. 429 p. [in Russian].

Lovyannikova V.V., 2008. Onomasticheskaja frazeologija v lingvokul'turologicheskom aspekte [Onomastic phraseology in the linguoculturological aspect] : on the material of the German language : dissertation of Candidate of Philological Sciences: 10.02.19. Vladikavkaz. 260 p. [in Russian].

Madieva G.M., 2018. Onomastika Kazahstana: analiticheskii obzor (podhody issledovania onimov) [Onomastics of Kazakhstan: an analytical review (onym research approaches)]. Almaty: Qazaq universiteti. 80 p. [in Russian].

Mendelson V.A., 2009. Frazeologizmy biblejskogo proishozhdenija v anglijskom i ruskom jazykah [Phraseological units of biblical origin in English and Russian]. Kazan: CJSC «New Knowledge». 156 p. [in Russian].

Radlov V.V., 1911. Opyt slovarja turkskih narechii [The experience of the dictionary of Turkic dialects]. Saint-Petersburg. 559 p. [in Russian].

Saitova J.M., 2007. Imena lic vo frazeologicheskoj kartine mira (Na materiale nemeckogo, russkogo i bashkirsikogo jazykov) avtoreferet dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Names of persons in the phraseological picture of the world (based on the material of German, Russian and Bashkir languages) abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences.]. Ufa. 24 p. [in Russian].

Sadirova K.K., Tektigul Zh.O., Zhazykova R.B., Islamgalieva V.Zh., 2021. Mifologicheskoe vyrazhenie toponima «Qazygurt» v jazykovom soznanii (na materiale kazahskogo jazyka) [The mythological expression of the toponym «Kazygurt» in the linguistic consciousness]. Filologicheskij aspekt, № 08 (76). Nizhnij Novgorod. P. 53-63. [in Russian].

Shikhmurzaev D.M., 2006. Nogajsko-russkij frazeologicheskij slovar' [Nogai-Russian phraseological dictionary]. Makhachkala: Publishing House of the Research Institute of Pedagogy, LLC. 296 p. [in Russian].

Smagulova G.N., 2010. Kazak frazeologiasy lingvistikalyk paradigmalarda [Kazakh phraseology linguistics in paradigms]. Almaty: Arys. 277 p. [in Kazakh].

Toktabai A., Seitkulova Zh., 2005. Torttuliktin kasieti [Properties of Quaternary]. Almaty. 192 p. [in Kazakh].

**\*K.S. Kalybaeva**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

*(E-mail:kalybaevakalamkas@gmail.com)*

*\*Corresponding author: kalybaevakalamkas@gmail.com*

**A.O. Tymbolova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

*(E-mail:tymbolova@mail.ru)*

**J.A. Ospan**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

*(E-mail:jyzimgyl@mail.ru)*

### **Anthroponyms and toponyms in Turkic phraseology**

**Abstract.** The article examines the semantic differences of onomastic units, anthroponyms and toponyms preserved in the structure of phraseological units in the Turkic languages. The authors note



that Turkic onomastic names are found not only in stable expressions, but also in proverbs, sayings, in winged expressions, i.e. in phraseological units in the broadest sense. Phraseological units are unique linguistic units that reflect the identity of each nation, its national identity, and the conceptual picture of the world. Consequently, each onomastic name found in the composition of Turkic phraseological units is undoubtedly the richest source of information on the history, culture and mentality of the Turkic peoples. Therefore, the study of onomastic names in the above context is relevant and necessary for the Turkological science.

The authors of the article analyze anthroponyms and toponyms in the phraseological units of the Kazakh, Tatar, Bashkir, Nogai languages in a comparative aspect, identify background historical aspects of their origins, consider their semantic meanings, reveal the features of their use in these Turkic languages. The semantic community of Turkic phraseological units once again confirms the unity of the historical typology of modern Turkic languages.

**Keywords:** onomastics, phraseological units, proverbs, anthroponyms, toponyms; Kazakh, Tatar, Bashkir, Nogai languages, semantic analysis.

**\*К.С. Калыбаева**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail:kalybaevakalamkas@gmail.com)*

*\*Автор для корреспонденции: kalybaevakalamkas@gmail.com*

**А.О. Тымболова**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail:tymbolova@mail.ru)*

**Ж.А. Оспан**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Республика Казахстан  
(E-mail:jyzimgyl@mail.ru)*

### **Антропонимы и топонимы в тюркских фразеологизмах**

**Аннотация.** В статье рассматриваются семантические различия ономастических единиц, антропонимов и топонимов, сохранившихся в структуре фразеологизмов в тюркских языках. Авторы отмечают, что тюркские ономастические имена встречаются не только в устойчивых выражениях, но и в пословицах, поговорках, в крылатых выражениях, т.е. во фразеологизмах в самом широком смысле. Фразеологизмы - уникальные языковые единицы, в которых отражается самобытность каждого народа, его национальная идентичность, концептуальная картина мира. Следовательно, каждое ономастическое имя, встречающееся в составе тюркских фразеологизмов, несомненно, является богатейшим источником информации по истории, культуре и менталитету тюркских народов. Поэтому исследования ономастических имён в указанном выше контексте актуально и необходимо для тюркологической науки.

Авторы статьи в сравнительно-сопоставительном аспекте анализируют антропонимы и топонимы во фразеологизмах казахского, татарского, башкирского, ногайского языков, выявляют фоновые исторические аспекты их происхождений, рассматривают их смысловые значения, раскрывают особенности их употребления в указанных тюркских языках. Семантическая общность тюркских фразеологизмов еще раз подтверждает единство исторической типологии современных тюркских языков.

**Ключевые слова:** ономастика, фразеологизмы, пословицы, антропонимы, топонимы; казахский, татарский, башкирский, ногайский языки, семантический анализ.

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Калыбаева Каламкас Сейдуллаевна*, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық, 13, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0001-6821-3879

Scopus ID 57216740146

*Тымболова Алтынай Оразбекқызы*, филология ғылымдарының докторы, қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби, 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0002-4757-2618

Scopus ID 55795671000

*Оспан Жүзімгүл*, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық, 13, Алматы, Қазақстан Республикасы.

**Information about authors:**

*Kalybayeva Kalamkas Seidullayevna*, Doctor of Philology, Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyq, 13, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0001-6821-3879

Scopus ID 57216740146

*Tymbolova Altynay Orazbekovna*, Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Linguistics, Al-farabi Kazakh National university, al-Farabi, 71, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0002-4757-2618

Scopus ID 55795671000

*Ospan Jyzimgul*, PhD student, Abay Kazakh National Pedagogical University, Dostyq, 13, Almaty, Republic of Kazakhstan.

**Сведения об авторах:**

*Калыбаева Каламкас Сейдуллаевна*, доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Достык, 13, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0001-6821-3879

Scopus ID 57216740146

*Тымболова Алтынай Оразбековна*, доктор филологических наук, профессор кафедры казахского языкознания, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0002-4757-2618

Scopus ID 55795671000

*Оспан Жужимгуль*, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Достык, 13, Алматы, Республика Казахстан.